23663234698

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 28 қараша № 5265-25-00-2/3627 Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья К.Ш. Мырзахметовтың,
сот отырысының хатшысы М.Ғ. Ғалижанның қатысуында, ашық сот отырысында қойылған талаптар бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Азаматтық авиация комитетінің «Қазаэронавигация» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«НВК-Сервис Батыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілі Қ. Атыгаев
Жауапкердің өкілі Е. Бисембаев
Аудармашы Г. Нурланова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Азаматтық авиация комитетінің «Қазаэронавигация» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Талап қоюшы) мен «НВК-Сервис Батыс» ЖШС-гі (бұдан әрі - Жауапкер) арасында 2025 жылғы 05 мамырдағы № 49/25 URL қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі - Шарт) жасалған.

Шарттың мәні - Орал қаласында ауысым алдындағы медициналық куәландыру жөніндегі қызметтер.

Құжатқа қол қойылған: Мырзахметов К. Ш., 04.12.2025
Заңды күшіне енген күні: 18.02.2026, судья Мырзахметов К. Ш., 07.04.2026
5265-25-3-1/3740

Шарттың талаптары бойынша Жауапкер Шартқа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 365 күн ішінде, яғни 2026 жылғы 05 мамырға дейін қызметтер көрсетуге міндеттенген.

Көрсетілетін қызметтерге ескертулердің болуына байланысты талап қоюшы Жауапкердің атына ескертулерді жою туралы 2025 жылғы 06 мамырдағы № 1-1-16-115 санды хат жіберген.

Осылайша, Шарттың техникалық ерекшеліктің 2.1-тармағына сәйкес қызмет Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 қазандағы № ҚР ҚБПү-131/2020 бұйрығына сәйкес, Тапсырыс берушінің орналасқан орнынан 5 шақырымнан қашық емес жерде, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрінің 2014 жылғы 16 мамырдағы № 202-V. 2.2 «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заңының 29-бабы негізінде өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптарының 1-тармағында көрсетілген лицензия қосымшасына сәйкес арнайы үй-жайда көрсетілуі тиіс екенін көрсеткен.

Жауапкер берген лицензияға сәйкес Жауапкер мына мекенжайда орналасқан: Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, «Строитель» ықшам ауданы, 2/4- үй.

Лицензияға қосымшада көрсетілген қызметтерді көрсету орны Тапсырыс беруші орналасқан жерден 5 шақырымнан асатын қашықтықта орналасқан.

Жауапкер БҚО, Теректі ауданы, Подстепное ауылы, Абылай хан көшесі, 1 мекенжайы бойынша орналасқан үй-жайды 2025 жылғы 01 мамырдағы № 3-01-24 жалдау шартын ұсынған.

Бұдан бөлек, техникалық ерекшеліктің 3.15 - тармағына сәйкес Жеткізуші (Жауапкер) нөмірленген, тігілген, мөрмен бекітілген мынадай журналдарды жүргізеді: - «Қазаэронавигация» РМК Орал филиалы қызметкерлерін ауысым алдындағы (ауысымнан кейінгі) қарап-тексеру (Қағиданың № 16-1 қосымшасы); - «Қазаэронавигация» РМК Орал филиалы (ӘҚҰ ауысымын) ұшудан(ӘҚҚ ауысымынан) шеттету (Қағиданың №17 қосымшасы); - - «Қазаэронавигация» РМК Орал филиалы қызметкерлерін жұмыстан шеттету (Қағиданың №17-1 қосымшасы) - кабинетті кварцтау, - негізгі жинау Тапсырыс беруші қызметкерлерінің медициналық кітапшасы.

Жоғарыда аталған талаптарды бұзыла отырып:

1) Жауапкер «Қазаэронавигация» РМК Орал филиалының ұшудан (ӘҚҚ ауысымынан) шеттету журналын ұсынбаған;

2) Жауапкер ұсынған «Қазаэронавигация» РМК Орал филиалы қызметкерлерін ауысым алдындағы (ауысымнан кейінгі) медициналық қарап-тексеру журналы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 05 маусымдағы № 324 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында

Құжатқа қол қойылған: Мырзахметов К. Ш., 04.12.2025
Заңды күшіне енген күні: 18.02.2026, судья Мырзахметов К. Ш., 07.04.2026
5265-25-3-1/3740

медициналық куәландыру және қарап-тексеру қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) № 16-1 қосымшасына сәйкес келмеген;

3) «Қазаэронавигация» РМК Орал филиалы қызметкерлерін жұмыстан шеттету журналы Қағидалардың № 17-1 қосымшасына сәйкес келмеген.

Шарттың 3.1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде көрсетілетін қызметтердің Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етуге міндеттенген.

2025 жылғы 01 шілдеде Шарт талап қоюшымен біржақты бұзылған.

Талап қоюшы сотқа жоғарыда көрсетілгендей талап қоюын беріп, онда тараптар арасында Шарт түзілгенін, жауапкер Шарттың талаптарын бұзғаны үшін, яғни орындамағаны үшін оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тануды сұраған.

Жауапкер сотқа жазбаша қарсы пікір беріп, онда талап қоюмен келіспей, тараптар арасында қызметтерді сатып алу туралы шарт жасалғанын, оның талаптарына сәйкес өнім беруші қызмет көрсете бастағанын, мамыр және маусым айларында өнім беруші қызмет көрсеткенін, мамыр айында орындалған жұмыстар актісі жасалғанын, Тапсырыс беруші орындалған жұмыс үшін ақы төлегенін, Шарт жасалғаннан кейін бірден тапсырыс берушімен жауапкердің мекен-жайына хаттар жіберілгенін, оларға жауапкерде дәлелді жауаптарын бергенін, жауапкерде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес алынған қажетті лицензиялары бар екенін, жауапкер Шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті үй-жайларды жалға алу құқығы берілгенін, сол себепті жауапкер аэропорттан 5 (бес) шықырым қашықтықтағы радиуста орналасқан үй-жайды жалға алғанын және осы мекенжайға қосымша лицензия алуы заңдарда қарастырылмағанын, тапсырыс берушінің шартты біржақты бұзу жөніндегі іс-әрекеттерімен өнім берушінің нақты орындалған жұмыс үшін ақы алу құқығы бұзылғанын және талап қоюшының Шартты біржақты бұзу заңға қайшы келетінін көрсеткен.

Талап қоюшы өкілі талапты толық қолдап, оны талап қоюда көрсетілген негіздермен толық қанағаттандыруды сұраған.

Жауапкердің өкілі талапты толық мойындамай, оны қарсы пікірінде көрсетілген негіздермен қанағаттандырудан бастартуды сұраған.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің (әрі қарай-АК) 272, 273 баптарына бабына сәйкес міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес

Құжатқа қол қойылған: Мырзахметов К. Ш., 04.12.2025
Заңды күшіне енген күні: 18.02.2026, судья Мырзахметов К. Ш., 07.04.2026
5265-25-3-1/3740

орындалуға тиіс. Міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 349-бабының 1-тармағына сай, міндеттемені бұзу деп, оның орындалмауы немесе тиісінше орындалмауы (мерзімінде) түсіндіріледі.

Қазақстан Республикасының Заңы 2025 жылғы 1 шілдесіндегі № 106-VIII ЗРК «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 8-бабы 4-тармағы 4 тармақшасына сәйкес өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 4) тармақшасында көрсетілген жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын және (немесе) шарттың талаптарын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті, бұған жиынтығында мынадай:

1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі;

2) шарттық міндеттемелерді орындау;

3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы талаптарын қанағаттандыратын жағдайлар қосылмайды.

Сот отырысында анықталғандай, талап қоюшы мен жауапкер арасында 2025 жылғы 05 мамырда № 49/25 URL санды қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы Шарт түзілген.

Шарттың талаптары бойынша Жауапкер Шартқа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 365 күн ішінде, яғни 2026 жылғы 05 мамырға дейін қызметтер көрсетуге міндеттенген.

Жауапкер тарапынан 2025 жылдың мамыр айна қызметтер көрсетіліп, талап қоюшымен бұл қызметтер қабылданып, еңбек ақысы төленген.

Дегенмен, талап қоюшы тарапынан көрсетілетін қызметтерге ескертулердің болуына байланысты Жауапкердің атына ескертулерді жою туралы 2025 жылғы 06 мамырда № 1-1-16-115 санды хатын жіберген.

Осылайша, Шарттың техникалық ерекшеліктің 2.1-тармағына сәйкес қызмет Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 қазандағы № ҚР ҚБПү-131/2020 бұйрығына сәйкес, Тапсырыс берушінің орналасқан орнынан 5 шақырымнан қашық емес жерде, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрінің 2014 жылғы 16 мамырдағы №202-V. 2.2 «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заңының 29-бабы негізінде өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптарының 1-тармағында көрсетілген лицензия қосымшасына сәйкес арнайы үй-жайда көрсетілуі тиіс деген талаптар жауапкер тарапынан бұзылғаны анықталды.

Құжатқа қол қойылған: Мырзахметов К. Ш., 04.12.2025
Заңды күшіне енген күні: 18.02.2026, судья Мырзахметов К. Ш., 07.04.2026
5265-25-3-1/3740

Жауапкер талап қоюшыға берген лицензияға сәйкес Жауапкер мына мекенжайда орналасқан: Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, «Строитель» ықшам ауданы, 2/4- үй, ал Жауапкер БҚО, Теректі ауданы, Подстепное ауылы, Абылай хан көшесі, 1 мекенжайы бойынша орналасқан үй-жайды 2025 жылғы 01 мамырдағы № 3-01-24 жалдау шартын ұсынған.

Алайда, лицензияға қосымшада көрсетілген қызметтерді көрсету орны Тапсырыс беруші орналасқан жерден 5 шақырымнан асатын қашықтықта орналасқан.

Бұдан бөлек, сотта жауапкер тарапынан «Қазаэронавигация» РМК Орал филиалының ұшудан (ӘҚҚ ауысымынан) шеттету журналы ұсынылмағаны, Жауапкер ұсынған «Қазаэронавигация» РМК Орал филиалы қызметкерлерін ауысым алдындағы (ауысымнан кейінгі) медициналық қарап-тексеру журналы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 05 маусымдағы № 324 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында медициналық куәландыру және қарап-тексеру қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) № 16-1 қосымшасына сәйкес келмегені, сондай-ақ «Қазаэронавигация» РМК Орал филиалы қызметкерлерін жұмыстан шеттету журналы Қағидалардың № 17-1 қосымшасына сәйкес келмегені анықталған.

Өз кезегінде, осы көрсетілген талаптар Шарттың техникалық ерекшеліктің 3.15 – тармағында қамтылған, ал Шарттың 3.1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде көрсетілетін қызметтердің Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етуге міндеттенген.

Сондықтан, жауапкердің Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес алынған қажетті лицензиялары бар, жауапкер Шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жауапкер аэропорттан 5 (бес) шақырым қашықтықтағы радиуста орналасқан үй-жайды жалға алған және осы мекенжайға қосымша лицензия алуы заңдарда қарастырылмаған деген уәжін, сот негізсіз деп таныйды, себебі жауапкер Шартқа ерікті түрде тұрған және оның талаптарын орындауға міндеттенген.

Сол сияқты, жауапкердің тапсырыс берушінің Шартты біржақты бұзу жөніндегі іс-әрекеттерімен өнім берушінің нақты орындалған жұмыс үшін ақы алу құқығын бұзған және талап қоюшының Шартты біржақты бұзу заңға қайшы келеді деген уәжін де, сот негізсіз деп санайды, себебі талап қоюшы тарапынан Шартты біржақты бұзу туралы хабарлама 16 мамыр 2025 жылы порталға жолданымен, тек 01 шілде 2025 жылы бұзылған, ал жауапкер талап қоюшының Шартты біржақты бұзу туралы хабарламасын сотқа дауламаған, кәзіргі таңда, хабарлама сотпен жарамсыз деп танылмаған.

Құжатқа қол қойылған: Мырзахметов К. Ш., 04.12.2025
Заңды күшіне енген күні: 18.02.2026, судья Мырзахметов К. Ш., 07.04.2026
5265-25-3-1/3740

Істің мұндай тұрғысында, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану туралы талапты негізді берген деген тұжырымға келеді.

Талап қоюшы тарапынан жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану туралы талап қоюын Заңның талабына сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей дер кезінде берілген.

АПК-нің 72-бабына сай әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

Өз кезегінде, жауапкер сотқа талап қоюшының талаптарын жоққа шығаратын талқыланған дәлелдемелерден басқа ешқандай дәлелдемелер табыс етпеді.

Осыған орай, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабын заңды және негізді деп табады.

АПК-нің 117-бабына сай жауапкерденмемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж 1 966 теңгені өндіру қажет деп табады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 117, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Азаматтық авиация комитетінің «Қазаэронавигация» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер «НВК-Сервис Батыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «НВК-Сервис Батыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Жауапкер «НВК-Сервис Батыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге өндірілсін.

Шешімге наразы жақ Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 403, 404 баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына

Құжатқа қол қойылған: Мырзахметов К. Ш., 04.12.2025
Заңды күшіне енген күні: 18.02.2026, судья Мырзахметов К. Ш., 07.04.2026
5265-25-3-1/3740

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья **К.Ш. Мырзахметов**

Құжатқа қол қойылған: Мырзахметов К. Ш., 04.12.2025

Заңды күшіне енген күні: 18.02.2026, судья Мырзахметов К. Ш., 07.04.2026

«Төрелік» ақпараттық жүйесі
Сот өндірісі
Судопроизводство
Информационная система «Төрелік»